

Сарбасов Б.С.
**Қазақ фольклорындағы
бөрі бейнесі**

Көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, ол туралы фольклорлық сюжеттердің қазақ, қырғыз, алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, біріншіден, бұл халықтар тарихының ортақтастығын танытса, екіншіден, рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын айғақтайды. Батырлық жырларда бөрі көбінесе қасиетті хайуан түрінде бейнеленеді. Бөрі бейнесінің поэтикалық астарына үңілген адам оның ұлттық бітімін аңғарып, ерлік рухымен астасып жатқан танымдық тұлға екеніне көз жеткізеді. Типологиялық және генеологиялық салыстырулардың нәтижесінде «Оғыз-намедегі» бөрі бейнесі мифологиялық әңгімелердің архаикалық кейіпкерлері қатарына жататындығы, оның бір мезгілде әрі адами, әрі хайуандық реңк алып, зооантропоморфты кейіпте бейнеленгендігі сараланады. Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді.

Түйін сөздер: түс көру мотиві, ғажайып туу мотиві, тәңірлік дін, анимистік, тотемдік наным-сенімдер.

Sarbasov B.S.
**The image of wolf in kazakh
folklore**

The cult of the wolf was spread in many nations as a figure of strong, freedom beast, which cannot be broken and tame. In the ancient Turks and Mongols the wolf was the main totem that was esteemed as the progenitor. Figure of the Heavenly Wolf runs through the narrative of the ancient monument of writing «Oguz-name.» Image of the wolf in our literature has not previously been the subject of special study, but it is being addressed in general works, considering the traditional culture of the Kazakhs. Analysis of papers, devoted to the consideration of the symbolism of the wolf, suggests that the study of this question in the Kazakh literature is fragmented or highly specialized character. With the emergence of new scientific methods of research the rich folklore and mythic materials of Kazakh traditional culture which concerned the symbol of wolf, needs a deeper consideration of this issue. As a result of the typological and genealogical relation we have established that the wolf in «Oguz name» is endowed with a double zoanthropomorphic nature to jut out at the same time as a form of a man and as a form of an animal. Comparative analysis allowed us to conclude that wolf as a holy animal very admired by Turks, and the echoes of admire have survived to this day in the legends and tales.

Key words: motive of searches, motive first feat etc; to define specificity of functioning them in the epos; Tengrianstvo.

Сарбасов Б.С.
**Образ волка в казахском
фольклоре**

Культ волка, сильного, свободолюбивого зверя, которого нельзя ни сломить, ни приручить, был распространен у многих народов. У древних тюрков и монголов волк являлся основным тотемом, почитался как прародитель. Образ Небесного Волка проходит через всю канву повествования древнего памятника письменности «Огуз-наме». Образ волка в отечественной литературе прежде не был предметом специального исследования, но ему уделяется определенное внимание в общих работах, рассматривающих традиционную культуру казахов. Анализ работ, посвященных рассмотрению символики волка, позволяет заключить, что изучение этого вопроса в казахской литературе носит фрагментарный или узкоспециализированный характер. С возникновением новых научных методов исследования богатый фольклорный и мифологический материал казахской традиционной культуры, касающийся символики волка, нуждается в более глубоком рассмотрении. В результате типологических и генеалогических сопоставлений мы установили, что волк в «Огуз-наме» наделен двойной зооантропоморфной природой, выступая одновременно и в облике человека, и в облике животного. Сравнительный анализ позволил нам заключить, что как священное животное, волк весьма почитался тюрками, и отголоски этих почитаний сохранились и поныне в легендах и сказаниях.

Ключевые слова: мотив вещего сна, чудесного рождения, тенгрианства, анимистические и тотемистические воззрения.

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ БӨРІ БЕЙНЕСІ

Әлем халықтарының фольклорына ортақ бейнелер қатарына көк бөрі, көкжал арлан қасқыр да жатады. Жалпы, ежелгі түркі әдеби-мәдени мұраларында фольклорлық мифология ұшқындары мол кездеседі. Түркі халықтары әдебиеттеріндегі «көк бөрі» хикаялары – мифологиялық наным-сенімнің айшығы. Академик С.Қасқабасов: «Миф ежелгі жанр ғана емес, оның үстіне аса күрделі жанр» [1], – деп жазады.

Мына мифтегі оқиға желісі де көңіл аударарлық: «Рум ертегілерінде Ромул мен Реманы қаншық қасқыр, Рүстемді жолбарыс емізіп, самұрық құс асырайды. Бұл аңыз түркі тайпаларында Ғұн (Мөде) заманынан бар. Мөде өзінің екі қызына даладан орда салып, олар қасқырмен будандасады. «Содан Шин (Ашина) түріктері тараған екен», – дейтін аңыз бар. Енді бірде суға тастаған баланы Бөрте шене (қасқыр) асырап, Ашина елі содан тарапты делінеді. Бомын қаған әскерінің туындағы белгі қасқыр суреті болған. «Оғызнамада» Оғыз қаған әскерін көк бөрі басқарып отыратын болған. Шене-бөрі, содан Шона, Шора, Гүлбаршын, Үйсін, Байсын, Үлекшин сөздері шығады. Мұндағы қасқыр – тотем [2, 234]. Бұдан бөрі тотемінің әлемдік фольклордан өзіндік орын алып қана қоймай, типтік сюжетке айналғандығын аңғарамыз.

Ашинаға қатысты болып келетін мифтер мен аңыздар әртүрлі нұсқада көп айтылғандағына қарамастан, бұдан да көп, алайда, барлығының тарихи негізі бір арнаға тоғысады. Кезінде Шәкәрім қажы да өз шежіресінде Ергенекон, Бөртечине жөніндегі мифтер мен аңыздарға талдау жасап, өзінің көзқарасын білдіреді. Салыстырмалы дерек көздеріне сүйене отырып, түркі халықтары арасында айтылатын бөріге қатысты мифтердің көпшілігі Түркі қағанатына дейін туып қалыптасқан деген тұжырымға тиянақтаймыз. Жоғарыда анықталған Бөрте-чиноның өмір сүрген кезеңі мен мысалға алынған мифтердің оқиға желісі бір мезгілде сәйкес келуі тарихи шындықтың сол кезеңде түйісетіндігін көрсетеді.

Аталған мифтерді саралай келгенде, қасқыр (бөріге) қатысты мифтердің арғы дәуірлерде пайда болып, Түркі қағанатының құрылу қарсаңында түрлене түскендігін байқауға болады. Түркі халықтарының тотемі – Ашина – көк бөрі жайындағы миф-

тер ортақ сюжеттерден өрбіп, циклдық сипатта дамыған деген ойдамыз.

Осыған орай: «Рас, қазақ мифологиясының тарихында Греция мен Римдегідей жағдайға жақындау болған. Ол – Түркі қағанаты заманында Тәңірдің басқа Құдайлардан биіктеп, дара шығуы жағынан Зевс пен Юпитерді еске түсіретін жайы. Түркі қағанаты тұсындағы мифология бізге толық жетпегендіктен, ол қандай болғанын дәл айтып, сипаттап беру қиын. Дегенмен де, көне түркі жазбалары мен ғалымдар зерттеулеріне қарағанда, Түркі қағанаты кезінде мифтер біршама циклденген тәрізді, бірақ ол мемлекеттің тез ыдырауына байланысты айтарлықтай бір жүйеге түсіп үлгермеген» [1, 82] – деген ғалым С. Қасқабасовтың пікірі бірден-бір дұрыс бағытқа жетелейді.

Саралай айтсақ, көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, қазақ, қырғыз, Алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, әсіресе, фольклорлық сюжеттер рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын дәлелдейді.

Кезінде қазақ, қырғыз халықтарының арасында таралған аңыздардың тарихи негізіне ден қойған Ш. Уәлиханов, түркі-қазақ мифтері мен аңыздарының түпкі бастауларының бір екендігін көрегендікпен ескерткен болатын. Ол: «Қазақ пен қырғыз халқының ертеден келе жатқан мифі, аңызы оның ішіндегі ескі дәуірдегі көшпелі түрік тайпаларының түбі көк бөрі, көк бұқа, Төбе көз, Жалғыз көзді дәу туралы айтылатын аңыздар» [3, 26] – деген тұжырым жасаған.

Адам баласының шығу тегін аң-құстармен байланыстыру, әсіресе, бөрі, марал, ит сияқты аңдарға қатысты тотемдерді кие тұту YI-YIII ғасырларда түркі қағанатының құрамында болған тайпалардың аңыз әңгімелерінде көбірек ұшырасады. Бұл құбылыс түркі халықтарының тарихи туыстығын, яғни тарихи-генетикалық байланысы барлығын айқындайды.

Осы салыстырулардан шығатын қорытынды: мифтің шығу төркіні ғұн дәуірімен сабақтас, бәлкім, одан да арғы кезеңдерден тамыр тартады. Мифтің түркі халықтары фольклорында кеңінен таралуы – дәстүрлі сюжетке арқау болған мифологиялық түсініктің осы топырақта қалыптасқандығының дәлелі дер едік.

Тотемдік хайуандарды қастерлеу Түркі қағанаты құрылған кезеңге дейін қанат жайса, кейінгі дәуірде ірі қағанаттың орнауына байланысты бұрынғы мифтік ұғымдар өзгеріске ұшырап, аңыздық прозаның басқа жанлары-

ның тууына мүмкіндік жасады. Жалпы алғанда, осы аңыздық проза үлгілерінің басым бөлігі оғыздар заманындағы архаикалық таным-түсінікті аңғартып қана қоймайды, сонымен бірге ортақ арнадан бастау алған рухани кеңістік бірлігін де аңдатады.

Уақыт өте келе бөрі нағуалға, яғни, жеке адамдардың жебеуші рухына айналады. Ел аузында атақты Керей Жәнібек, Тата Есет батырлардың жебеуші көк бөрілері болған деген аңыздар бар [4, 44]. Ал, «Оғызнамада» Оғыз қағанға ақыл айтушы, жол бастаушы болған Көк бөрі бейнеленді. Бұл жерде ықыласына бөленгеніне орай эпос туындысының бас қаһарманына айналған тұлғаның зор екенін аңғарту мақсатымен түркі халықтарына ортақ тотем – көк бөрімен байланыстырғанын байқаймыз. Ел нанымы бойынша, бұл батырлардың бойындағы ерен күш пен қайсарлық жоғарыдан – Тәңірінің өзінен бастау алып тұр. Бөрі – Тәңірінің ерекше ілтипатын жеткізуші.

Бөрі туралы наным-сенімдердің ел санасында терең бойлағаны сонша, ата-бабаларымыз бауыр еті – балаларына бұл «киелі жануардың» есімін беруді әлі күнге дейін үрдіс етіп келеді. Бұған ел арасында кең тараған Бөрібай, Байбөрі, Бөрікүл, Бөлтірік, Бөрілі сұлу тәрізді есімдер мысал бола алады. Түркі халықтарына ортақ мұра – «Алпамыс батыр» жырындағы бас кейіпкердің әкесі Байбөрі аталуы да осындай үрдістің бір көрінісі болып табылады.

Бөрі тотемі түркі халықтарының арасында қалай кең жайылса, Бөрікүл, Бөрібай, Бөлтірік, Бөрі деген есімдер өзбек, қырғыз, монғол, башқұрт елдерінде де солай тараған.

«Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып келгенде,
Бөлініп қалған жан емен», – [5, 13]

деп, Сүйінбай ақын жырлағандай бөрі бейнесі тереңге бойлай білген зерделі жанға түркі дүниесін кеңінен танытатын шын мәніндегі жарқын бағдаршам болмақ. Бөрі символикасының астары өте тереңде жатыр. Оны бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан бөрі түркі халықтарының фольклорында төмендегідей тұлға ретінде танылады:

– Түркі халықтарының ілкі ата-бабасы болып табылады.

– Тұтастай бір халыққа немесе бір батырға қысылған шақта көмекке келеді (қол бастайды, жол көрсетеді т.б.)

– Дәрменсіз сәбилерді асырап өсіреді.

– Жеке нагуалына айналады.

Генеалогиялық мифтерге, тотемдерге, ел арасында кең ырымдар мен ғұрыптарға, эпостар мен шежірелерге талдау жасау барысында көк бөрінің түркі халықтарының фольклорында киелі жануарлардың қатарынан жоғарғы Тәңірлік құдіреттің деңгейіне дейін көтерілгенін көреміз. Ол халықтың діни наным-сенімінен де, дүниетанымынан да, әдет-ғұрыптары мен салт-санасынан да зор мағлұмат беріп, түбі бір түркі халықтарының рухани әлемін паш етеді.

Түркі халықтарының фольклорында бөрі бейнесі түрлі жанрларда: ғұрыптық поэзияда, эпостық жырларда, халықтық прозада кездеседі. Осы жанрлардың барлығында бөрі негізінен үш түрлі түсте, атап айтсақ, көк бөрі, ақ қасқыр және қара қасқыр болып бейнеленеді. Бөрі бейнесінің былайша өзгеріп отыруының символикалық мәні зор.

Жыршы өз шығармасын тартымды, әсерлі ету үшін көркем өрнектерді, әр түрлі романтикалық суреттемелерді қолданады. Батырлық жырлардағы көркем өрнектердің қатарында ұлттық санамызға терең сіңген бөрі бейнесінің жиі кездесуі заңды құбылыс болып табылады.

«Бөрі», «қасқыр» теңеулері бұл жанрда батырдың өзгешеліктерін аңдатуда, жауды қойша қыратын алыптығы мен әбжілдігін, ерлігін танытуға мүмкіндік береді. Әсіресе, көріктеу құралдарының бірі – ауыстырулар түрінде жиі кездеседі.

«Тама батыр» атты жырдағы:

«Мен Ноғайлы деген ер едім,
Асылы туған төре едім,
Азулы туған бөрі едім,
«Бндыс пенен қалмақты
Талқандармын», – деп едім» [6, 284], –

деген шумақта батыр өзін асыл төреге, азулы бөріге балайды. Бір кездері қараша халықпен қан араластырмай, асыл тұқымға баланған төрелердің бүгінгі ұрпақтарының өзі талай ғасыр өтсе де, үш жүздің құрамына кірмей, өздерінің шығу тегін нұрмен, түндіктен енген жарық сәулемен байланыстырады [39, 16].

Батырлар образын сомдауға арналған поэзия үлгілерінде «қасқыр» сөзімен бірге «арлан», «бөрі», «көкжал» сөздерінің де жиі кездесетіндігін байқауға болады. Мәселен, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы өзінің даңққа бөленген сәттерін:

«Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім,
Қасарысқан дұшпанның
Екіталай болғанда
Азыққа етін жеп едім», – [7, 225] –

деген өлең жолдарымен бейнелеген. Мұндай ұқсастық жыраулардың бір-бірінен дайын ой-оралымдары мен стереотипті айналымдарды алуы, графареттік бейнелеу құралдарын қолдануы ауыз әдебиеті туындыларының өзіндік ерекшеліктерінің бірі болып табылатындығына ғалым Б.Абылқасымов та жан-жақты тоқталып өтеді [8, 84].

Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, бір-сөзділік пен адалдық жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, бөрі ер адамның, халық қаһарманының символы болып табылады. Бөрінің ер адамның нагуалы болып табылуы, оны метофоралық, теңеулік қолданыстарда пайдалануға себепші болған. Бөрінің символ түрінде немесе эпитеттік, метофоралық, теңеулік қолданыстарда көрініс беруіне қарай қарай шығарманың да туындаған дәуірін анықтауға болады.

Жоғарыдағы келтірілген ойларымызға, пайымдауларымызға сүйене отырып, қазақ фольклорындағы бөрі бейнесіне мынадай анықтама бермекпіз: «Бөрі – халықтың діни наным-сенімін, дүниетанымын танытатын, тотемдік тұлғада берілетін жан-жақты сомдалған күрделі бейне».

Қазақ эпостарындағы бөрі бейнесінің типологиялық және генеалогиялық негіздеріне мейлінше кең тоқтала отырып, функциясы мен өзіндік орнын анықтауға ұмтылды. Осы мақсатқа сәйкес бөрі бейнесінің әр келкі көріністері туындап жатады. Мифтер мен тотемдерде бөрі – жоғарғы сана иесі, құдіретті күш, қиыншылық кездерде жол көрсететін Тәңірінің шапағаты ретінде сипатталады.

Саралай айтсақ, көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, ол туралы фольклорлық сюжеттердің қазақ, қырғыз, алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, біріншіден, бұл халықтар тарихының ортақтастығын танытса, екіншіден, рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын айғақтайды.

Біздің ертедегі ата-бабаларымыз: «Көкте көк тәңірі, жерде көк бөрілі көк түрік бар, бұл екеуі-

нен құдіретті дүниеде еш нәрсе жоқ», – деп кейінгі бізге үлгі-өнеге қалдырыпты.

Бөрі символикасы ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы дүниетанымынан бастау алып, ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық тәрізді қасиеттерді дәріптеуге мүмкіндік береді. Анығырақ айтқанда, бөрі ер

адамның, халық қаһарманының символы болып табылады.

Жалпы алғанда, қазақ фольклорында бөрі мифтік әңгімелермен қатар көркем туындылардың да кейіпкері болып табылатын, халықтың ежелгі наным-сенімін танытатын, жан-жақты сомдалған күрделі тұлға.

Әдебиеттер

- 1 Қасқабасов.С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 128 б. – Б.82.
- 2 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. –320 б. – Б.234.
- 3 Уәлиханов Ш.Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б. – Б. 26.
- 4 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б. – Б.44.
- 5 Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1975. – 140 б. – Б. 13.
- 6 Батырлар жыры. Т. I. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 б. – Б.284.
- 7 Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1991. – 256 б. – Б. 225.
- 8 Абылкасимов Б.Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алматы: Наука, 1984. – 120 с. – С. 84.

References

- 1 Qasqabasov.S. Qazaqtyn khalyq prozasy. – Almaty: Gylym, 1984. – 128 b. – B.82.
- 2 Qazaqtyn miftik angimeleri. – Almaty: Galym, 2002. – 320 b. – B. 234.
- 3 Ualikhanov Sh.Sh. Qazaqtardagy shamandyqtyn qaldygy- Almaty: Zhazushy, 1985.– 560 b. – B. 26.
- 4 Margulan A. Ezhelgi zhyr, anyzdar. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 b. – B.44.
- 5 Aronuly S. Aqiyq. Tolgaular, syn-syqaqtar, aitystar. – Almaty: Zhazushy 1975. –140 b. – B. 13.
- 6 Batyrlar zhyry. T. I. –Almaty: Zhazushy, 1986. – 264 b. – B.284.
- 7 Dosmykhameduly Kh. Isatai-Makhambet. – Almaty, 1991. – 256 b. – B.225.
- 8 Abylkasimov B.Sh. Zhanr tolgau v kazakskoi ustnoi poezzii. – Almaty: Nauka, 1984. – 120 s. – S. 84.